

3 дәріс. АҚШ музейлері.

Мақсаты: студенттерге АҚШ музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Вашингтон. Смитсон институты музейі. Ұлттық картина галереясы.
2. Балтимор. Өнер музейі мен Бостондағы әсерлі өнер музейі
3. Нью-Йорк музейлері. Бруклин музейі, Гуггенхейм музейі, Метрополитен.
4. Чикаго. Өнер институты, Пасадена. Нортон Саймон музейі, Филадельфиядағы өнер музейі
5. Хартфорттағы Уодсуорт Атенеум, Хьюстон әсерлі өнер музейі, Цинциннати. Өнер музейі.

Кілт сөздер: АҚШ, өнер, көркемсурет, музеология, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Вашингтон. Смитсон институты музейі. Смитсон институты әлемдегі ірі музей кешендерінің бірі әрі АҚШ-тың ғылыми-зерттеу және мәдени орталығы болып табылады. Музей негізі 1846 жылы белгілі ғалым Джеймс Смитсонның қаражатына қаланған. Джеймс Смитсон 5 миллн. доллар қаражатын, жеке кітапханасын, минералдар коллекциясын білім кеңістігін қалыптастыру мақсатында АҚШ-қа мұрагерлікке қалдырған. Смитсон институты құрамында Африка өнері, Авиация және космонавтика, Америка өнері, Жаратылыстану тарихы, Пошта музейі, Ұлттық портреттер галереясы, Ұлттық өнер галереясы, Фрир галереясы, Артур М.Сэклер галереясы, Өнер және өнеркәсіп үйі, Хиршхорн музейі, Мүсіндер бағы, Африкалық американдар тарихы мен мәдениеті орталығы, Зоопарк жұмыс жасайды. Музейлердің негізгі дені Капитолия маңында, қалғандары қаланың әр бөлігінде орналасқан. Ал Смитсон институты құрамындағы Ұлттық дизайн музейі, Американ үнділерінің Ұлттық музейі Нью-Йорк қаласында орналасқан. Кешен қорында 140000000 экспонат сақталған. Артур Сэклер, Фрир галереялары ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейінгі Азия елдері өнерін насихаттайды. Онда иран күміс бұйымдары, үнді мүсіндері, парсы қолжазбалары, жапон қыш-құмыралары, жапон лакталған бұйымдары, қытай қола бұйымдары, т.б. экспозицияланған. Хиршхорн музейі мен Мүсіндер бағында ХІХ-ХХ ғасыр мүсіндері қойылған (Огюст Роден, Александр Колдер, Эдуард Хоппер, Виллем де Кунинг, Энди Уорхолл, Том Весселман, т.б. жұмыстары). Америка өнері музейінде АҚШ суретшілерінің 7000-нан аса туындылары, сондай-ақ мүсіндер, литография, фотография, эскиз, қолөнер топтамалары сақталған. Ұлттық портреттер галереясы америкалық қайраткерлердің өмір жолына арналған. Барлық музейлерге кіру, буклеттер алу, экспонаттарды суретке түсіру тегін.

Вашингтон. Ұлттық картина галереясы АҚШ финанс министрі болған Эндрю коллекциясы, басқа да жеке коллекциялар негізінде қалыптасқан, көпшілік үшін 1941 жылы ашылған әлемдегі ірі өнер жинақтарын сақтаған музей, 1937 жылы архитектор Джон Расселдің жобасымен салынған ғимаратта

орналасқан. Музей қорында 110000-нан аса көркемсурет, гравюра, графика, сәндік-қолданбалы өнер туындылары, ортағасырлық гобелендер, итальян майоликасы, француз корольдық жиһаздары бар. Итальяндық коллекцияның әлем бойынша ең көп жинағы осы жерде, мұнда Дуччо ди Буонинсенни, Карло Кривелли, Джорджоне, Джованни Беллини, Сандро Боттичелли, Паоло Веронез, Пьетро Перуджино, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Тициан, Микеланджело да Караваджо, Понтормо, Якоп Тинторетто, Доменико Фетти, Каналетто, Бернандо Беллотто, Франческо Гварди, Джованни Паннини, Джованни Батиста Тьеполо жұмыстары қойылған. Рафаэльдің «Альба Мадоннасы» туындысын 1 млн. долларға Эрмитаждан сатып алған. Батысеуропалық басқа мектептерден Эль Греко, Рембрандт, Ян Вермеер, Питер Пауль Рубенс, Томас Гейнсборо, Эдуард Мане, Эдгар Дега, Поль Сезанн, Пабло Пикассо, американдық мектептен Томас Икинс, Джаспер Джон, Джеймс Уистлер, Эдуард Хоппер, Джордж Уэсли Беллоуз, Джексон Поллок, Аршил Горки, Марк Потко жұмыстары экспозицияланған. Музей коллекциясына Огюст Ренуар мүсіндерін, Джозеф Вайднер мүсіндер мен сәндік қолданбалы өнер туындыларын, Лессинг Розенвальд гравюралар мен суреттер коллекциясын сыйға тартқан. Шедеврлер қатарында Андрея Мантенья, Альбрехт Дюрер, Үлкен Питер Брейгель, Питер Пауль Рубенс, Рембрандт, Каналетто, Оноре Домье жұмыстары бар.

Балтимор. Өнер музейі Солтүстік Америкадағы өте қызықты музейлердің бірі. Музей негізі апалы сіңілілі Кларибел және Эттой Коунның ХХ ғасырдың басында жинаған коллекциясы негізінде қалыптасқан. Олар өз коллекциясын Балтимордағы өз үйінде көпшілікке көрсетіп отырған. 1914 жылы коллекция жинағын музей заттары ретінде архитектор Джон Рассел Поуптың жобасымен салынған неоклассикалық стильдегі ғимаратқа көшірген, музей сәндік-қолданбалы өнер туындыларын, көркемсурет, картина, гравюра, мүсіндер, француз жиһаздарын, фарфорлар, табакеркілерді экспозициялайды. Экспозициядан Антонис Ван Дейк, Франс Хальц, Рембрандт, Жан Батист Симеон Шарден, Элизабет Виже-Лебрен, Анри Матисс, Пабло Пикассо, Поль Сезан, Эдуард Мане, Эдгар Дега, Поль Гоген, Винсент Ван Гог, Пьер-Огюст Ренуар, Альбрехт Дюрер, Сандро Боттичелли, Франсиско де Гойи, Эдуард Мане атақты шеберлердің озық туындаларын көруге болады. Картиналар ХІХ ғасыр француз мүсіншілері Огюст Роден, Антуан Луи Бари, т.б. жұмыстарымен сәйкестендіріле экспозицияланған.

Бостон. Әсерлі өнер музейі 1870 жылы Бостон көркемсурет галереясы экспонаттары негізінде құрылған. 1909 жылы музей архитектор Гай Лоуэлл жобасымен салынған Хантинг-авенюдегі жаңа ғимаратқа көшірілген. Коллекцияның толығына байланысты музей өзінің экспозициялық кешенін кеңейтіп отырған, қазіргі таңда музей бас ғимаратынан басқа, бірнеше корпустар және мүсіндер бағын иеленген. Музей қорының саны 70000-нан асады. Музей археологиялық заттарды, антикалық, Ежелгі Египеттік мүсіндер мен түрлі бұйымдарды, қыш-құмыраларды, ортағасырлық мүсіндерді, Азия елдерінің, соның ішінде жапон, үнді, корей халықтарының, Африка елдері, Австралия және мұхит аралдары елдерінің бай өнер туындыларын, еуропалық

сәндік-қолданбалы өнер туындыларын, ағылшын күмістері мен фарфорларын, әртүрлі стильдегі жиһаздарды экспозициялайды. Көркемсурет галереясында голланд, француз, ағылшын, испан, итальян шеберлерінің, атап айтқанда Тициан, Альбрехт Дюрер, Рембрандт, Жан-Франсуа Милле, Винсент Ван Гог, Поль Гоген, Пьер Огюст Ренуар, т.б. туындыларын, америка шеберлерінен Джон Сингер Сарджент, Мэри Кэссет, Уинслоу Хомер жұмыстарын тамашалауға болады. Клод Моненің коллекциясы музей мақтанышы болып табылады.

Нью-Йорк. Бруклин музейі XIX ортасында қалыптасқан, алғашында маркиза де Лафайеттің үйінде орналасқан. Музейдің қазіргі ғимараты 1897 жылы архитекторлар Макким, Уайт және Мидтің біріккен жобалары негізінде салынған. Музей қорында 500 000-нан аса тарихи-мәдени мұралар сақталған. Ежелгі Египет коллекциясында жазу ескерткіштері, папирустар, Карнак қаласы археологиялық мұралары, Африка, Азия, Теңіз жағалауы аралдары, Колумбқа дейінгі Америка ескерткіштерін экспозициялайды. Америкалық көркемсурет коллекциясында Гильберт Стюарт, Томас Икин, Джон Сингер Сарджент, Чарльз Уилсон Пит, Альберт Бирштад, Фредерик Черча, Томас Коул, Уинслоу Хомер, Джорж Иннесс, Уильям Меррит Чейз, Макс Вебер, Марсен Хартли, Джорджии О'Киффи, Чарльз Шилер, Стюарт Дейвис жұмыстары, сондай-ақ мүсіндер, акварельдер, пастельдер бар. XX ғасыр өнері бөлімінде Луиза Буржуа, Джозеф Корнел, Виллем де Кунин, Эда Рейнхардт, Дэвид Смит жұмыстары экспозицияланған.

Нью-Йорк. Гуггенхейм музейінің негізін америкалық өнеркәсіп иесі, коллекционер Соломон Роберт Гуггенхейм қалаған. 1937 жылы өнерді дамыту мақсатында «Гуггенхейм қоры» ашылған. 1943 жылы архитектор Фрэнк Лойд Райттың жобасымен музей ғимаратын салу басталады. Музей көпшілік үшін 1959 жылы ашылған. Музей жинағы 6 ірі коллекцияны құрайды: Соломон Гуггенхеймнің абстракция өнері коллекциясы; Пегги Гуггенхеймнің сюрреалистер мен астрокционистердің картиналары мен мүсіндері коллекциясы; Джастин Тэнхаузердің импрессионистер, постимпрессионистер, ерте модернистер коллекциясы; Карл Нирендорфтың неміс экспрессионистер коллекциясы; Кэтрин Дрейердің авангард мүсіндер мен суреттер коллекциясы; Джозеппе Панца ди Бьюмоның минимализм, постминимализм коллекциясы. Шедеврлер қатарында Эдуард Маненің «Айна алдында», Анри де Тулуз-Лотректің «Қонақ үйде», Робер Делонның «Бірдей терезе», Василий Кандинскийдің «Көгілдір тау», Константин Бранкузидің «Ит балық», Пит Мондрианның «Композиция 2», Пабло Пикассоның «Үтіктеуші» жұмыстары бар.

Нью-Йорк. Метрополитен – АҚШ-тың ең үлкен көркемсурет қоры. Метрополитен музейінің қоры негізінен жеке тұлғалардың музейге сыйға тартқан экспонаттарынан жинақталған. Музей 1870 жылы Нью-Йоркте ашылған. 1880 жылы арнайы музей үшін архитекторлар Колвер Во және Реа Маульдің жобасымен жаңа ғимарат соғылған. Ғимарат орталық саябақта орналасқан, Форт-Трайон саябағында бөлімшесі жұмыс істейді. Музей америкалық кескіндеме мен мүсін өнері, Қару-жарақ, Ежелгі Египет өнері,

Ежелгі Грекия және Ежелгі Рим өнері, Ислам өнері, Орта ғасыр өнері, Музыкалық аспаптар, Гравюралар мен литографиялар, Еуропа кескіндемесі, XX ғасыр өнері, Кітап музейі, Балалар музейі, Костюм институты, т.б. бөлімдерден тұрады. Ислам өнері жинағы әлемдегі ең ірі қордың бірі болып саналады. Музей қоры 400-ден астам экспозициялық залдарға қойылған. Қор саны 3000000 бірліктен асады. Өнер туындылары Ежелгі Рим және Грекия, Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка, Австралия және теңіз жағалауы, Колумбқа дейінгі Америка тақырыптарын қамтиды. Египет коллекциясы қатарында «Сенби мүсіні», «Хнумнахт саркофагы», «Пернеб мастабы», Хатшепсут мүсіндері, 12 династия фараондары портреттері мен оларға тиесілі заттар қойылған. Музей экспозициясы ортағасырлық зергерлік бұйымдарға, піл сүйегінен жасалған заттарға, эмаль, фреска, интерьерлерге, тоқыма бұйымдарына аса бай. Метрополитен музейінде дүниежүзіне әйгілі шеберлер Джоттоның «Волхтарға бас ию», Сандро Боттичеллидің «Жарылқау», Эль Греконың «Толедо көрінісі», Диего Веласкестің «Хуан Парех портреті», Гюстав Корбенің «Тотықұс ұстаған әйел», Пабло Пикассоның «Гертруд Стайнның портреті», Б.Челлинидің «Роспильози кубогі», Рафаэльдің «Әулиелермен отырған нәрестелі Мадонна», Тицианның «Венера және лютияшы», Франс Хальцтың «Малле Баббе», Антуан Ваттоның «Мецетен» туындылары қойылған. Сондай-ақ Рембрандттың 20-дан астам туындысы, атап айтқанда, «Гомер сыралғысының алдында тұрған Аристотель», «Текті славян», «Флорис Сооптың портреті», «Желпуіш ұстаған әйел», т.б., Ян Вермеердің «Ұйықтап жатқан қыз», «Құмыра ұстаған жас әйел», «Сенім аллегориясы», «Лютня ұстаған әйел», т.б. туындылары экспозицияланған. Метрополитен музейі залдарынан адамзат мәдениеті мен өркениетінің даму жолын, тарихи шежіресін тамашалап, рухани-мәдени, ақпараттық мағлұмат алуға болады.

Чикаго. Өнер институты АҚШ-тағы бай өнер жинағын сақтап отырған мекеменің бірі, жеке коллекционерлер жинағы негізінде қалыптасқан. Ең бай коллекция М.Райерсон, Берта Оноре Пальмер, Анна Сван Корбин, Фредерик Клеа Бартлет, Хелен Берч Бартлеттерден түскен. Музей 1893 жылы салынған ғимаратта орналасқан. XVII ғасыр көркемсуретінен Рембрандт, Якоб Ван Рейсдаль, Франс Хальц, Ян Стен жұмыстары, XIX ғасыр француз көркемөнерінен Жан Франсуа Милле, Камиль Коро, Шарль Добиньи, Эмен Делакура, Нарсис-Виржил Диас де ла Пеньи, Теодор Руссо жұмыстары; контингент көркемөнерінен Фредерик Ремингтон, Джордж Иннесс, Уинслоу Хомер, Джон Сингер Сарджент, Мэри Кэссет, Джорджии О'Киффи, Гранд Вуд, Эдуард Хоппер жұмыстары; шедеврлер қатарында Пьер-Огюсть Ренуардың «Терассада», Поль Сезанның «Шомылушылар», «Мадам Сезанн», Анри де Тулуз-Лотректің «Мулен Ружда», Жорж Сердің «Гран-Жатт аралындағы жексенбілік қыдыру», Гюстав Кайботтың «Париж көшесі. Жаңбыр», Винсент Ван Гогтың «Автопортрет», «Арледегі жатын бөлме» және Клод Моненің 30 жұмысы сақталған.

Пасадена. Нортон Саймон музейінің тарихы 1922 жылдан Пасадена өнер институты тарихымен бірге басталады. Музей 1975 жылы музейге

кәсіпкер Нортон Саймонның сыйға тартқан коллекциясы негізінде қалыптасқан, қазір музей 1969 жылы архитекторлар Ладд және Келси жобасымен салынған ғимаратта орналасқан. Музей коллекциясын Еуропа және Америка көркемсуреттері, гобелендер, мүсіндер, графикалар, Оңтүстік Азия мүсіндері құрайды. Италиялық және солтүстік қайта өркендеу дәуірінің шеберлері Якопп Бассано, Джованни Беллини, Дирк Боутс, Үлкен Лукас Кранах, Джованни ди Паоло, Ян Массейс, Ганс Мемлинг, Пальма Веккью, Рафаэль, XVII-XIX ғасырлар суретшілері Каналетто, Бартолом Эстебан Мурилио, Никола Пуссен, Рембрандт, Гвидо Рени, Питер Пауль Рубенс, Ян Стен, Франсиско де Сурбарана, Камиль Коро, Гюстав Курбе, Поль Сезанн, Эдгар Дега, Поль Гоген, Винсент Ван Гог, Эдуард Мане, Клод Моне, Камиль Писсарро жұмыстары экспозицияланған.

Сан-Франциско. Эсерлі өнер музейі АҚШ-тағы ірі музейлік кешен, құрамында Алтын Бухта паркіндегі Де Янг мемориалы, Линкольн паркіндегі Құрмет легионының Калифорния сарайы кіреді. Де Янг мемориалы Сан-Францискодағы ең көне музей, онда Африка, Теңіз аралдары, Латын Америкасы елдерінің өнер мұралары сақталған.. Америка көркемсуретінен 1000-нан аса жұмыс сақталған, соның қатарында Джордж Калед Бингем, Фредерик Эдвин Черч, Джорджии О'Киффи, Эдвард Хоппер, Грант Вудтың полотнолары бар. Құрмет легионының Калифорния сарайы Бірінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан калифорниялық солдаттарға арнап 1924 жылы салынған. Музей Жерорта теңізі жағалауы мен Таяу Шығыс елдерінің ежелгі өркениет ошақтарының көне мұраларын экспозициялайды. Еуропалық көркемсурет коллекциясы саны 700-ден асады, олардың қатарында Фра Анджелико, Эль Греко, Питер Пауль Рубенс, Рембрандт, Антуан Ватто, Томас Гейнсборо, Клод Моне, Адольф-Вильям Бугро, Анри Матисс, Пабло Пикассо жұмыстары бар. Графика саны 70 000-нан асады, олардың қатарында Альбрехт Дюрер, Рембрандт, Поль Гоген, Василий Кандинский, Джордж О'Киффи жұмыстары бар. Огюст Роденнің 70 мүсіні - музей мақтанышы, оның қатарында әйгілі «Ойшыл» мүсіні бар. Музей экспозициясындағы инкрустацияланған француз жиһазы, Барокко дәуірі жиһазы, XVIII ғасыр ағылшын фарфорлары өте қызықты.

Филадельфия. Өнер музейі 1876 жылы негізі қаланған, Бенджамин Франклин бульварының батыс бөлігіне қоса салынған неоклассикалық үлгідегі ғимаратта орналасқан. Музей құрамына Роден музейі және бірнеше тарихи орындар кіреді. Музей жинағы 225 000-нан асатын Еуропа, Америка, Азия елдерінің мұраларын қамтиды. Қайта өркендеу дәуірінен Дуччо ди Буонинсенья, Фра Анджелико, Робер Кампен, Ян Ван Эйк, Рогир Ван дер Вейден жұмыстары қойылған. Маньеризм және барокко галереясынан Питер Пауль Рубенс, Якоб Ван Рейсдал, Эль Греко картиналарын, XVIII-XIX ғасырлар полотноларынан Томас Гейнсборо, Джошуа Рейнольдс, Уильям Тернер, Эжен Делакруа, импрессионистер мен постимпрессионистерден Поль Сезанн, Эдуард Мане, Клод Моне, Пьер-Огюст Ренуар, Анри де Тулуз-Лотрек, XX ғасыр туындыларынан Пабло Пикассо, Константин Бранкузи, Марсель Дюшан, Анри Матисс, Хуан Миро, Сальвадор Дали жұмыстарын көруге

болады. Томас Икинстің ірі коллекциясы осы жерде сақталған. Азия өнері бөлімі, сәндік-қолданбалы өнер, графика бөлімдері бай мұраларға ие.

Хартфорт. Уодсуорт Атенеум АҚШ-тағы тұңғыш көпшілік музейі, Уадсорт отбасы коллекциясы негізінде қалыптасқан, Афинаның парасатты құдайының құрметіне аталған, қаланың тарихи ортасындағы бірнеше ғимаратта орналасқан мәдени кешен. Ғимарат 1842 жылы архитектор Джексон Дейвис және Итала Таун жобасымен қорған түрінде салынған. Қазіргі таңда Атенеум әлемдік мәдениетте 5000 жылдық тарихы бар 45000-нан аса экспонатты қамтиды. 1000-ға жуық көркемсурет қорында XVII ғасыр шеберлері Микеланджело да Караваджо, Бернардо Строцци, Хусепе Рибера, Франсиско де Сурбаран, Франс Хальц, Антонис Ван Дейк, Клод Лоррен, импрессионистер мен постимпрессионистер Эдуард Мане, Клод Моне, Эдгар Дега, Пьер Огюст Ренуар, Поль Сезанн, Винсент Ван Гог, XX ғасыр суретшілері Пабло Пикассо, Сальвадор Дали, Хуан Миро, Джорджо де Кирико, Макс Эрнст, Рене Магритт жұмыстары бар. Американың Гудзон өзені мектебінің пейзаж коллекциясы ерекше көз тартады. Экспозицияда сәндік-қолданбалы өнер, Севр, Мейсен фарфорлары, британ күмісі, американдық жиһазы, костюмдер бөлімдері қамтылған.

Хьюстон. Әсерлі өнер музейі 1924 жылы құрылған, архитектор Уильям Уоткин жобасымен салынған Техас штатындағы алғашқы өнер музейі. Музей қорында 50 000-нан аса бірлік бар. Ежелгі Шығыс және антикалық мемлекеттер, Колумбқа дейінгі Америка, Африка, Азия, Мұхит аралдары елдерінің тарихи және мәдени мұраларын, сондай-ақ америкалық және еуропалық көркемсурет, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер, фотосуреттер, гравюралар сақтап отырған мекеме. Қайта өркендеу дәуірі шеберлері Фра Анджелико, Джованни ди Паоло, Себастьяно дель Пьомбо, Ло Скарселлино, Рогир Ван дер Вейден, Ганс Мемлинг, барокко дәуірінің суретшілері Орацио Джентилески, Гвидо Рени, Луки Джордано, Филипп де Шампен, Франс Хальц, Ян ван Хейсум, XVIII-XIX ғасырлар суретшілері Жан Батист Симеон Шарден, Антон Рафаэль Менгс, Каналетто, Жан Леон Жером, Франсис де Гойи, Адольф-Вильям Бугро, Камиль Коро, Теодор Руссо жұмыстары қойылған. Музей залдарында импрессионистер, постимпрессионистер, модернистер, сондай-ақ XIX-XX ғасырлардағы АҚШ өнерінің барлық ағымдары жұмыстары, Батыстың белгілі суретшісі Фредерик Ремингтонның толық жинағы қойылған.

Цинциннати. Өнер музейі 1881 жылы Чарльз Уэсттің коллекциясы негізінде құрылған, архитектор Джеймс Маклоглинг жобасымен салынған ғимаратта орналасқан көне музей. Музей өз қорында Ежелгі мемлекеттер, Африка, Азия, Еуропа, Америка елдерінің көне мәдени мұраларын қамтитын 60 000-ден аса экспонат сақтап отырған мекеме. Музей экспозициясында әлемге танымал шеберлер Тициан, Франс Хальц, Ганс Мемлинг, Антонис Ван Дейк, Питер Пауль Рубенс, Томас Гейнсборо, XIX-XX ғасырлар суретшілері Пьер Огюст Ренуар, Пабло Пикассо, Андре Дерен, Жорж Брак, Хуан Миро, Амедео Модильяни, Марк Шагал жұмыстары бар.

Сұрақтар:

1. Смитсон институты музейінің ерекшелігі.
2. Вашингтондағы Ұлттық картина галереясының қызметі.
3. Нью-Йорктегі ірі музейлер.

Әдебиеттер:

1. Мануэль Галич. История доколумбовых цивилизаций. – М.: Мысль, 1990.
2. Музей Метрополитен. Нью-Йорк. – М.: Изобразительное искусство, 1983.
3. Жигульский З. Музеи мира: введение в музееведение. М., 1989;
4. Юренева Т.Ю. Музей в мировой культуре. М., 2003;
5. Музееведение. Музеи мира. М., 1991;
6. Воронихина Л. Государственный Эрмитаж, Л., 1983,
7. Британский музей. Лондон: Альбом. М.,1980.,
8. Ионина Н.А. Сто великих музеев мира. М. 1999